

РЕФЕРАТ

Тақырып: *Қазіргі заманагөй дәстүрлі тәлімдегі оқыту әдістері*

Дайындаған :

Т.Абдиреймова

Қазіргі заманауі дәстүрлі тәлімдегі оқыту әдістері

Дәстүрлі оқыту процесінің өзіндік белгісі сол, мұғалім белгілі бір хабарды айтып береді, түсіндіреді, талап етеді – бұл білімді есте сақтатады. «Білім» түсінігі есте сақталатын хабар мағынасында түсініледі. Оқушының білім дәрежесі емтиханда осы хабарға байланысты берілген сұрақтарға жатқан берген жауабына қарап анықталады. Мұндай білім есте ұзақ сақталмайды.

Дәстүрлі оқыту әдісінде тәлім мақсаты дәстүр талабына сай анық бейнеленбейді, оқушының меңгеру дәрежесі, сапасы жөнінде мұғалім толық мәліметке ие бола алмайды.

Дәстүрлі тәлім мемлекетіміздің оқу орындарында кең тарқалған, бұл бойынша көптеген еңбектер істеліп, тәжірижелер жинақталған. Мемлекетімізде іске асып жатқан білімдендіру саласындағы жаңаша реформалар оқытудың сапасын жақсылауға жаңаша әдістерді талап етіп жатыр.

Оқытуды басқарудың негізгі формасында төмендегі анық белгіге сай сабақтар топ /класс/ системасында өткізіледі

- сабақтың әр жылы және әрбір оқу күні бір уақытта басталады.-
- сабақтар және орал арасындағы үзілістер белгілі уақытқа мөлшерленген.
- кластағы балалар жасы және саны жағынан тең
- материал үйрену дәрежесінің бірыңғайлығы.
- оқу сабақтарының белгілі бір ұйымдастырылған формада өткізілуі.

Мұндай оқыту класс-сабақ системасы деп аталып, негізін чех педагогы Я.А.Коменский салған, ХҮІ ғасырдан ХХ ғасырдың ақырына дейін жалғасып келді.

Соңғы жиырма жыл ішінде педагогика теориясы комбинацияланған сабақтар сабақты элементар бойынша басқышпа-басқыш меңгеруге, одан синтетикалық және анализдік проблемалы үйренуге өтті. Зерттеулердің системалылығы және үздіксіздігі туралы Н.М.Махмутов, Г.Д.Крылова, Ф.Ф.Королев, Э.Г.Юдиндердің заманауі сабағы, оны ұйымдастыру, оқыту барысындағы сабақ теориясы және практикасы, проблемалы сабақ сияқты мәселелерді өз еңбектерінде талдап көрсетіп берген.

Сабақ оқыту процесінде оқу-тәрбие ісінің басқа формалары – үйге тапсырманы орындауды басқару, пән үйірмелері жаттығулары, саяхат т.б. тығыз байланысты. Оқытудың жалпы процесі есебінде қаралса, сабақ оқыту процесінің тәлім мазмұны, принциптері мен методтарымен белгіленген, белгілі бір орында оқытушы жоспарлайтын және басқаратын, оқушы мен оқытушы бірге істесетін негізгі форма болып табылады.

Оқу процесінің құрылысы негізінен педагогикалық қызметтің циклді алгоритмі болып,оны тәлім мазмұнының жаңа-жаңа бөлімдеріне,тақырыптарына қолдану мүмкін. Мұндай алгоритм анық және нәтижелі істеуінің себебі тәлім мақсаттары стандартласқан тілге өткізілгенінде.Бұл репродуктив тілімге байланысты.

Тәлім процесін пед.технологияға негіздеп жоспарлау басқышында жоқары тәжірибе талап етеді.

Оқу процесінің барлық басқышында негізінен тәлім нәтижесіне жетуге назар аударылады.

Жаңа педагогикалық технологияны сабақ өту барысында қолдануда жоспарлаушы құралдардың ең қажеттілерін таңдау методтарының мақсатқа сай екендігін анықтай білу/тілім методтары/, алынуы қажет болған нәтижені алдын ала талдау, оіыту процесінінү үздіксіздігін қамтамасыз ету ұқсаған принциптерге негізделіп, Жана пед.технологияны тәлім барысында кеңнен қолдану арқылы системаластырылған оқыту процесінің жана пед.технология системасын қалыптастыру қажет.

Дәстүрлі тәлімде оқушының оқу-білу қызметінде басқышпа-басқыш қалыптасу теориясында ақыл әрекеттерін басқару алгоритмі анық үйренілгенімен ажыралып тұрады. Себебі бұл тәлім систем асында класта сабақта қолымен қандайда бір жұмысты орындамай, мұғаліммен бірге пікір таласпай қаншама уақтын бос өткізетін еді.

Пед.технология әдісінің өзіне тән тағы бір қасиеті – онда тәлімнің жоспарланған мақсатына ерісуді қамтамасыз ететін оқу-білу процесіне жоспарланады.

Мақсатты көзлеу, күнделік нәтижелерді тексеріп шығу, оқу материалдарын жеке-жеке бөлшектерге ажырату – оқу процесін ұйымдастырудың бұл белгілері – қайталанатын тәлім цикліне тән белгілер.

Қайталанатын тәлім циклінің негізгі бөлімдері-

- Тәлім мақсаттарын жалпы белгілеу

-жалпы мақсатты анықтастырып,оқу мақсаттарына айландыру.

-оқу тәжірибелері жиынтығы.

-тәлім нәтижелерін бағалау.

Оқу процесі мұндай қайталанатын циклге ие болуы үшін модул характерін талап етеді,жеке-жеке бөлімдерге бөлінеді,олар әр түрлі мазмұнға бірақ жалпы құрылысқа ие болады.

Болмаса, төмен,жеткілікті дәрежеде түсінікті болмаған және нәтижесі анық емес тапсырма тақырыптың толық ашуға мүмкіндік бермейді. Оқу жағдайларын жаратуға негізделген пед.технология оқушыларды активтестіреді.Мұнда мұғалім жақсы білім беру

үшін әр түрлі формада еңбек етеді. Сондай еңбектерінің бірі оқытушының оқушымен қарым-қатынасына негізделген бірге істесуі.

Осыларды есепке алып, сыныпта қазақ тілінен оқушыларды жаңа білімдермен құралдандыру сабағының жаңаша жоспарын және оқыту технологиясын қысқаша көріп шығамыз.

Сабақтың тақырыбы: Сөйлем.

Сабақтың түрі: Дәстүрлі, оқушыларға жаңа білім беру сабағы.

Сабақтың мақсаты:

а) мәліметтік жағы: Оқушыларды сөйлем жөніндегі білімдермен құралдандыру. Алған білімдері негізінде анық, мазмұнды етіп жазба және ауызша сөйлем құрауға үйрету;

ә) тәрбиелік жағы: Оқушыларды ана тілін құрметтеуге, оны сүйіп оқуға және мақтаныш етуге тәрбиелеу;

б) дамытушылық жағы: Оқушылардың өз бетінше еркін пікірлеуін, шығармашылық іскерлігін және логикалық ойлауын дамыту.

Мемлекеттік білімдендіру стандарты және оның негізінде істелген оқу бағдарламасына сай бұл тақырып бойынша оқушылардың меңгеруі қажет болған түсініктер, білімдер жинағы және практикада қолданып үйренуі тиісті дағды, ұқыптары:

Түсініктер: Сөз. Сөз тіркесі. Сөйлем.

Білімдер: Сөйлемдердің неден жасалғандығын, айтылмақшы ой-пікірдің бірін өзінде жинақтаған сөздердің, аяқталған ойды білдіретіндігін сөз тіркестерінің болатындығын және сөйлем деп неге айтылатындығын білу.

Дағды, ұқыптар: Әдеби тілде шебер жазба және ауызша сөйлемдер құрау, оларды күнделікті тұрмыста қолдану дағды, ұқыптарды меңгеру.

Сабақта қолданылатын педагогикалық технологиялар: Сабақ негізінде модуль технологиясы менен алып барылады. Сабақтың мақсатына сай қажетті және орынды жерінде эвристикалық, когнитивтік, креативтік педагогикалық технологиялар элементтерінен пайдаланылады.

Сабақта пайдаланылатын оқыту әдістері: Сұрақ-жауап, жаттығу, өз бетінше жұмыс, практикалық жұмыс, оқулықпен істесу, индукция, дедукция, ойын, іздеп таптыру, т.б.

Сабақтың барысы

Сабақты ұйымдастыру. Сыныпқа жылы жүзбен кіріп оқушылармен амандасып, сыныптың, оқушылардың, оқу құралдарының сабақты бастауға дайындығын бақтау. Оқушылардың көңіл-күйін көтеру, өзіне болған сенімін арттыру, өздігін жан-жақты көрсету үшін сабақта өте ыңғай психологиялық жағдай тудыру. Оқыту процесін

демократияластырып, еркіндестіру. Алғашқы сабақтарда үйренген білімлерді оқушылардың естеріне түсіру.

Мұғалім: Оқушылар өткен сабақтарда зат есім, есімдік, етістік, үстеу, одағай, шылаулар туралы білімге ие болдық. Қазір олар туралы алған білімдерімізді жұмбақ шешу ойыны арқылы еске түсіреміз. Ол үшін «Сөз», «Сөз тіркесі» және «Сөйлем» топтарының басшылары өздерінің топтарын II формасында әдеттегі орындарға отырғызады. Жұмбақты мен айтып тұрамын. Топ мүшелері кеңесіп жауабын және мысалын әр топтан бір оқушы кезегі келгенде айтады. Қәтесі болса, топтың басқа мүшелері жөндейді .

Толық дұрыс жауапқа «5» бағасы, толық емес дұрыс жауапқа «4» бағасы, қәте-кемшілігі бар жауапқа «3» бағасы , жалпы қәте жауапқа «2» бағасы қойылады.

Мұғалім: Топтарыңыз жұмбақ ойынын бастауға дайын ба?

Басшылар: Жұмбақ ойынын бастауға дайынбыз.

Мұғалім: Жұмбақ ойынын бастадық.

Барлық заттың атауы,
Тексереді осыны,
Сөз табының қайсысы ? (Зат есім)
Мысалы: Азат, кітап,қауын.

Бір орынға таласып,
Жүрмесе де тармасып,
Кейде-кейде кетеді ,
Біреуімен алмасып. (Есімдік)
Мысалы: Мен, сен, олар.

Сөз бен сөйлем арасын
Әрқашан да жалғайды,
Кейде қарсы, кейде шарт,
Мағынасын сөйлемнің,
Осы арқалы байқайды.
Бұларсыз келсе, сөйлемнің
Мағынасы толық болмайды. (Шылау)
Мысалы: Сондықтан, және, немесе.

Қимыл, орнын, уақытты,
Сынын білдірер кейде,
Табың қәне, балалар,
Мұны не дейді тілде? (Үстеу)
Мысалы: тез, бері , таңертең .

Білдіретін қимылды,
Сөз табын не дейді? (Етістік)
Мысалы: оқыды, сұрады, істеді .

Түбір сөзге ереді,

Қосылып мағына береді. (Көмекші сөздер)

Мысалы: мен, үшін, соң .

Мұғалім: Жұмбақ ойынымызға қорытынды шығарамыз. «Сөз» және «Сөз тіркесі» топтары «5» бағасын алып бірінші, «Сөйлем» тобы «4» бағасын алып екінші орынды иеледі. Жеңімпазларды құттықтаймыз.

Енді бүгінгі жаңа тақырыпты да бірге үйренуді бастаймыз.

Жаңа тақырып Озат оқушылардың бірі сынып тақтасының пердесін ашады. Тақтада күн және сабақ тақырыбы «Сөйлем» жазылған.

Мұғалім: Оқушылар өткен сабақтарда зат есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау және көмекші сөздердің ана тіліміздегі атқаратын қызметтерін біліп алдық және оларды күнделікті өмірде қоллануға үйрендік. Бүгінгі сабағымызда сөйлемнің ана тіліміздегі атқаратын қызметтерін және мазмұнды сөйлем құрап әдеби тілде жазу, сөйлесу шеберлігін бірге үйренеміз. Сабағымыз алты басқыштан тұрады.

I басқыш. Топ басшылары стол үстіндегі өзінің топының аты жазылған конвертті алады. Топ мүшелері кеңесе отырып ондағы сұрақтарға жауап табады. Сұрақтарға жауап табуда, тапсырмаларды орындауда оқулықтан және стол үстінде тұрған оқу құралдарынан пайдалануға болады.

«Сөз» тобы

1. «Күз» және «отырмын» сөздерінің мағыналарын айтып берің. Олар қандай ойды білдіреді?

2. «Жарбол сабақ дайындап жатыр» сөз тіркесіне неше сөз қатынаған? Бұл сөз тіркесі қандай ойды білдіріп тұр?

«Сөз тіркесі» тобы

1. «Қыс» және «оқыдым» сөздерінің мағыналарын түсіндірің. Олар қандай ойды білдіреді?

2. «Базаргүл базардан қауын алып келді » сөз тіркесі неше сөзден тұрады? Ол сөз тіркесі қандай ойды білдіреді?

«Сөйлем» тобы

1. «Көктем» және «көрдім» сөздерінің мағыналарын айтып берің. Олар қандай ойды білдіреді?

2. «Асқар Асанмен бірге балық аулауға кетті » деген сөз тіркесі неше сөзден тұрады? Ол сөз тіркесі қандай ой-пікірді білдіріп тұр?

Мұғалім: Оқушылар «Күз» ,«отырмын», «Қыс», «оқыдым», «Көктем», «көрдім» сөздерінің мағыналарын білдік, олар қандай ой-пікірді білдіретіндігін анықтадық. Бұлардан қандай қорытынды шығару мүмкін?

Оқушылар: Егер барлық айтылатын ой-пікір бір сөздің мағынасына жинақталған болса, ол сөзді сөйлем деп айтуға болады.

Мұғалім: Үш топтың екінші сұрағындағы сөз тіркестері 4,5,6 сөзден құралғандығын көрдік, олардың қандай ойды білдіретіндігін естідік. Бұл мысалларды бастаудан сіздер қандай қорытындыға келдіңіз?

Оқушылар: Сөздер тізбектеліп келіп айтылмақшы ой-пікірді білдіреді екен. Сондықтан ондай сөз тіркесін сөйлем деп айтса болады.

Мұғалім: Бірінші және екінші сұрақтарға алынған жауаптарға негізделіп сөйлемге қандай анықтама беру мүмкін?

Оқушылар: Аяқталған ой-пікірді білдіретін сөзге немесе сөз тіркесіне сөйлем дейміз.

II басқыш. Жаңа білімлерді пысықтау және оларды практикада қолдануға үйрету (20-25 минут.)

Жаттығуды орындау. Бірінші сөйлемді «Сөйлем» тобы, екінші сөйлемді «Сөз тіркесі» тобы, үшінші сөйлемді «Сөз» тобы тауып дәптерлеріне көшіріп жазады, тиісті белгілерін қояды және ол белгілердің қойылу себептерін түсіндіріп беруге дайындалады.

Мұғалім: Не үшін сөйлемнің соңында кішкене кідіріс жасалады және нүкте, сұрақ немесе леп белгілері қойылады?

Оқушылар: Айтылатын ой-пікір аяқталғандықтан сөйлемнің соңында кішкене кідіріс жасалады және сөйлемнің мағынасына қарай тиісті тыныс белгісі қойылады.

Мұғалім: Сөйлемнің бірінші сөзінің бас әріппен жазылуы неге байланысты?

Оқушылар: Әрбір сөйлем жаңа ой-пікірмен басталады. Соның үшін сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен жазылады.

Мұғалім: Оқушылар, дұрыс па?

Оқушылар: Жауап өте дұрыс.

III басқыш. «Ғажайыптар әлемі» ойыны.

Мұғалім оқушыларды ойынның шартымен таныстырады. Әр партаға отырған екі оқушы кеңесе отырып, сұрақтарға бірге жауап табуы ескертіледі.

1. Барлық айтылмақшы ой-пікірді өзіне жинақтаған сөз не деп аталады?

--	--	--	--	--	--

Жауабы: Сөйлем

2. Егер бір неше сөз тіркесі аяқталған ой-пікірді білдірсе, онда ол сөз тіркесін не деп атауға болады?

--	--	--	--	--	--

Жауабы: Сөйлем

3. Қазақ тілінде аяқталған ойды білдіретін сөз немесе бірнеше сөз тіркесі не деп аталады?

--	--	--	--	--	--

Жауабы: Сөйлем

4. «Сіңлің нешінші класта оқиды?» деген сөйлемнің соңында қандай тыныс белгісін қойса дұрыс болады?

--	--	--	--	--

Жауабы: Сұрақ белгісі.

5. «Айгүл қазақ тілінен берілген үй тапсырмасын орындады» деген сөйлемнің соңына қандай тыныс белгі қою керек?

--	--	--	--	--

Жауабы: Нүкте.

1. «Алақай, бүгін мен бес бағасын алдым» деген сөйлемнің соңына қандай тыныс белгісі қойылады?

--	--	--

Жауабы: Леп белгісі.

IV басқыш. Мұғалім жаттығуда берілген «жазды», «жасасын», «оқып отырсың» деген сөздерді қатыстырып, әр қайсысына жеке-жеке сөйлем құраң. Сөйлемнің соңына мағынасына қарай тиісті тыныс белгілерін қойың және олардың қойылу себептерін түсіндіруге дайындалың. Жазған сөйлемдерінің соңынан қойылған тыныс белгілері, олардың қойылу себептерін оқыту және сұрақ-жауап әдісімен тексереді.

Ү.Үйге тапсырма беру.

1.«Нөкісім – менің сүйікті астанам» деген тақырыпта соңына нүкте, сұрақ, леп белгілері қойылатын үш сөйлем жазып, ол сөйлемдердің мағыналарын айтып беру.

2. Төмендегі жұмбақтарды дәптеріңізге жазып алың және үйде шешің.

Болмаса да көзі

Кішкене болса да өзі ,

Кідіреді тек соған,

Сөйлемнің соңғы сөзі .

Адам аты, жер аты,

Жазылады өзінде,

Қолданады тағы оны

Сөйлемнің алғашқы сөзінде.

Мұғалім: Үйге тапсырма түсінікті ме?

Оқушылар: Тапсырма түсінікті, жұмбақтарды жазып алдық.

Мұғалім: Сабағымыз аяқталды. Хош, сау болыңыздар!

Ә д е б и е т т е р

1.И.А.Каримов Юксак малакали кадрлар- тараккиет манбаи.Т.1996.

Узбекистон Республикасининг Кадрлар тайерлашнинг миллий дастури, Тошкент,1997

2. Узбекистон республикасининг Таълим хакидаги конуни,Тошкент,1997

3. Н.Н.Азизхужаева.Педагогические технологии в подготовке учителя. Т.,2000.

4.А.Аллаяров.Дидактические основы активных обучение управленческим дисциплинам. Т.,1994.

5. Н.Н.Азизхужаева, Педагогик технология ва педагогик махорат.Т. 2003.

6. Ж.Юлдошев,С.Усмонов.Педагогик технология асослари.Т. 2003.

7. Б.Зиемухамедов.Ш.Абдуллаева. Илғор педагогик технология.Т. 2001.

8. Абдиреймова Т. Қазақ тілін проблемалы оқытудың тиімді жолдары. Н., 2009